




23 қараша, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz



● ПРЕЗИДЕНТ

ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ САҚТАУ – БАСТЫ МАҚСАТ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге сапармен келген БҰҰ-ның Венадағы бөлімшесінің Бас директоры, БҰҰ Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының атқарушы директоры Гада Валиді қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның халықаралық істердегі негізгі рөлін атап өтіп, Қазақстанның дүниежүзілік ұйыммен орнықты даму, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету салалары бойынша тығыз іс-қимылдарды жалғастыруға мүдделі екенін нақтылады. Мемлекет басшысы БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының аймақтағы, әсіресе Ауғанстандағы қазіргі ахуалға қатысты жүргізіп отырған белсенді қызметіне қолдау білдірді.

Қазақстан Президенті БҰҰ Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының Орталық Азия үшін 2022-2025 жылдарға арналған жана бағдарламасының қабылдануын құптады. Аталған бағдарлама табысты ынтымақтастықты одан әрі жалғастырудың берік негізін қалайды.

Гада Вали елімізде жүргізіліп жатқан, оның ішінде құқық қорғау жүйесін жаңғыртуға бағытталған реформаларды жоғары бағалады. Сондай-ақ, Ауғанстаннан БҰҰ қызметкерлерін эвакуациялауға және оларды Алматы қаласында орналастыруға көмек көрсеткені үшін елімізге алғыс білдірді.

Кездесуде заңсыз есірткі айналымына, ұйымдасқан қылмысқа, жемқорлыққа, терроризмге, сондай-ақ кибер қылмысқа қарсы күрес жөніндегі ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

● ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев санаулы күндер бұрын аталған мәселені тағы қозғады. Біздің білуімізде қаржы нарығындағы жағдай 2020 жылғыдай болмағанымен, біршама алаңдатарлық сипатта өрбіген сыңайлы. Мемлекет басшысы қаржы секторы өкілдерімен кездесіп, салада қордаланып қалған мәселелерді баяндады. Әббетте, алдымен оңды көрсеткіштер айтылды. Банкіерлі сауықтыру аясында 6,6 трлн теңге нашар несие есептен шығарылды. Қарызды өтеу бойынша біршама оңды көрсеткіштер қалыптасты. Өтімділігі жоғары активтер көлемі өсті.

Сб Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Қарыз қайтарылуымен құнды бірақ тұтынушылар тартынатын емес

Президент банк жүйесінде бірқатар мәселелердің күрделі сипат алып отырғанын жасырмады. Біздіңше тұтынушылық несиенің 33 процентке артқанын жақсы деп бағалауға болмайды. Қарыздың өтеу мерзімі 90 күннен асқан несие алған адамдар саны 600-ге жуықтады. Түсінікті тілмен айтқанда, жағдай қайта ушығып келеді дегенді білдіреді. Президент мұны «көптеген азаматтар қаржы қиыншылығына тап болып отыр» деумен түсіндірді.

Сонымен бұл тақырыпты тарқата түсу үшін Қазақстан Ұлттық банкінің соңғы шыққан статистикалық бюллетеніндегі деректерге шолу жасадық. Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары 163 млрд теңге несие алған. Одан кейінгі үлесті Алматы қаласы алады. Несие үлесі 100 млрд теңгеге жуық. Әдеттегідей Ақмола, Қызылорда, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарының деңгейлері шамалас. Несие көлемі 20-30 млрд теңге құрайды. Қарыз көлемі осыдан бір жыл бұрынғы деңгеймен салыстырғанда едәуір жоғары. Бұл банкіердің халықтың төлем қабілетіне қатысты Мемлекет басшысының ескертуінен айтарлықтай нәтиже шығара қоймағанын білдіреді.

Деректердегі халықтың тұтыну мақсатындағы несиеге деген тәбеті өзгермей отырғаны алаңдатады. Жалпы, қарыз жақсылықтың белгісі емес. Жаппай тұтыну психологиясы қазақстандықтардың әлі де болса нарық заңдылығын меңгермегенін аңғартады. Сонымен бірге 6,1 млн адам банкке қарыз. Жалпы халық саны 19 млн адам болатын елге бұл өте көп.

Президент өз мәлімдемесінде

әрдайым шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөнінде айтып келеді. Біз зерттеген екінші деңгейлі банкіердің көрсеткіштеріне үмілейік. 2021 жылдың тамыз айында Қазақстанда шағын және орта бизнеске берілген несиенің көрсеткіштері көңілге медеу бола алмайды. Несие алушылардың көпшілігі әлгі айтқан тұтыну заттарына үйірсең. Соңғы уақытта мұғалімдер мен дәрігерлердің, жекелеген мемлекеттік қызметшілердің жалақылары едәуір өсті. Осыған сәйкес тұтыну несиесі еселеп өсуде. Айталық, 2021 жылдың тамыз айында бүкіл қазақстандық 1,8 трлн теңге несие алса, осының 34 млрд теңгесі қызылордалықтардың үлесінде. Керісінше, бизнес саласына бөлінген несие осының үштен біріне жетпейді.

Цифрлар осылай дейді. Жалпы несие беру көрсеткіштері еселеп артауда. Осыған орай жоғарыда айтылған мерзімі 90 күннен асқан қарыз берешек адамдардың саны өсе түспесіне ешкім кепілдік бере алмайды. Президент, шынын айту керек, көптеген азаматтардың қаржы тапшылығы әлеуметтік және саяси тұрақсыздыққа алып келуі әбден мүмкін екенін жасырмай айтты. Мәселенің осындай деңгейде ушығуы мүмкін екенін неліктен ескертті? Бізде банк немесе қаржы нарығын реттеу ұйымдарына қатысты заңды қатаңдау тетіктері әлі жетілдірілмеген. Кез келген адамға ретсіз несие үлестіру әлі жалғасуда. Бұл парадокс өмір болмысына айналды. Осы берекесіздік банкке де, қарызды өтейтін коллекторларға да ұнайды. Бүгінгі өмір осындай...

23 ҚАРАША

- 1992 жылы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнатылды.
- 2000 жылы Президент Жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданы Мағжан Жұмабаев атындағы аудан болып өзгерді.
- 2010 жылы Қазақстанда мәдениет, спорт, білім беру және қоғамдық қызмет саласында мүмкіндігі шектеулі жандардың жетістіктеріне арналған «Самғау» жыл сайынғы қоғамдық сыйлығы бекітілді.
- 2016 жылы ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Тәуелсіздіктің 25 жылдығы Қазақстан жетістіктерінің декларациясы» қабылданды.

24 ҚАРАША

- 1992 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінің атауы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті болып өзгертілді.
- 2008 жылы «Нұр Медиа» ЖШС құрылды.
- 2010 жылы Орынборда 1917-1920 жылдары Алаш Орда алғашқы қазақ үкіметінің отырысы, I және II Жалпықазақ съездері өткен, 1913-1918 жылдары «Қазақ» газетінің редакциясы орналасқан, оның бас редакторы Ахмет Байтұрсынұв тұрған үйлерде мемориалдық тақталардың салтанатты ашылу рәсімі өтті.
- 2014 жылы Алматы облысы Бесаташ кентінде аты аңызға айналған спортшы, Қазақстанда тазқанды мектебінде негізін қалаушы Мұстафа Өзтүрікке ескерткіш орнатылды.
- 2015 жылы қазақ жазушысы С.Елубайдың «Ақбоз үй» романы түрік тілінде жарық көрді.
- 2016 жылы Санкт-Петербургта қазақтың көрнекті қоғам және саяси қайраткері, Ресейдің Тұңғыш Мемлекеттік Думасының депутаты (1906 ж.) Әліхан Бөкейхановтың бюстің ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясына тарту ету салтанаты болды.
- 2018 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы түрік, қырғыз және өзбек тілдеріне аударылды.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Жарқын дәуірдің жаршысымын

Отыз жылдан бері мемлекетіміздің атауынан тәуелсіздік айбаты кеудемізде жүрек алфавитінің таңбасындай жарқырайды. Өшпес рух алауымен жатты да жақында айналдырып жіберді. Әлі күнге тіл ұшынан түспей келе жатқан жер көлемі жөнінен дүние жүзінде тоғызыншы орын алатын өзгермейтін мәліметті жаңа да жоғалы жетістіктермен баянды ету үміті наз тастайды.

Дербестік делбесін қаққан бойда ядролық қаруды сынаудан бас тартуды алғаш ұрандатқан Қазақстан болғандығы ешқашан балама іздетпейді. Алғашқы мәртебеміз осындай болуы Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың батыл байламынан туындағаны – тарихта қалатын тапқырлық. Біріккен Ұлттар Ұйымының мінбесінде қазақ тілінің сұңқар суылындай қанат қағуы бабалар аманатының ақталғаны емей мемене? Жүзден астам ұлыстардың ынтымағын болаттай құймаға айналдырған Қазақстан Халықтары Ассамблеясы сияқты пәтуалы бірегей ұйым құрғанымыз достықтың алтын арқауына айналды.

Қазақстан картасындағы ертеректен әлемге аян Байқоңыр қаласы – космонавтика дәуірінің ордасы іспеттес. Осында тұңғыш космонавт Юрий Гагарин зеңгір көкті қарып ғарыш кеңістігінде адамзат қонырауын қақты. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы ғарышкері Токтар Әубәкіров, іле-шала Талғат Мұсабаев, кейінірек Айдын Айымбетов аспанның арғы жағына

ел сәлемін жеткізді. Ғарышта қазақ әні де әулетте шырқалды. Қасиетті Қорқыт баба мәңгі тыныстаған өлкемізде тарихи жәдігерлерді ұлықтау жолға қойылған. Ежелгі қалалар орны археологиялық қазбалармен дәйектеліп, жаңа жәдігерлер жинақталуда. Түркі әлемі тік тұратын осынау ұлы бабамыздың құмғырнамалық құпиялары тылсыммен тілдескен болашақты болжаған көрегендігі жайлы тарихи жазбалар мен кино тіліндегі баяннаттар көрермен назарына ұсынылмақшы. Сыр өңіріне ат басын тіреген мейман, делегация атаулы Қармақшыдағы Қорқыт баба кесенесіне зиярат етіп қасиетті тұлғаға тағзым жасайды.

Ордалы отыз жыл белесіне нық кадам басқан Отанымыздың тарихи эпосынан түйдек-түйдек мәліметтермен шұбырта беру қажет емес. Интернетті ашып қалсаң, том-том жазбалардан көз сүрінер еді. Сол төмендеп, облас жетістіктерін тізбелесек еріксіз әлгідей қайталаулар қабаттаса кетеді. Сол себепті екінші біріне аян, бағасы кемімейтін қадау-қадау деректермен тіл тұшынасқ та жеткілікті болар. Атақты дикан Ыбырай Жақаевтың есімімен тығыз байланысты күрішіміз әлі де оған қамбасына күйілу. Тәуелсіз Қазақстанның Еңбек Ері Алтын Жұлдызы әзірге облысымызда Абзал Ералиевтей күріш алқабына жаңаша нәр жүгірткен несібелі азаматқа бұйырғаны кеудемізде мақтанаш алауын маздатады.

3-бет

● ЕКПЕ АЛ!

Қайта вакциналау науқаны басталды



Елімізде кешеден бастап ревакциналау науқаны басталды. Алғаш болып медицина қызметкерлері, педагогтар, күш құрылымдары, әлеуметтік сала қызметкерлері, 60 жастан асқандар мен аптанде тегі теріс нәтиже көрсеткен азаматтарға жүргізіледі. «Спутник V» салдырған жағдайда ревакциналау мерзімі – 9 ай. Ал, «QazVac», «Sinovac», «Pfizer», «VeroCell» вакциналарын алғандар 6 айдан кейін қайта вакциналанады.

– ҚР Бас санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес елімізде ревакциналау жұмыстары басталды. Ақпан және наурыз айында вакцина қабылдаған тұрғындар иммунитетін нығайту мақсатында қайта вакциналаудан өтеді. Жалпы әлемде 50 мемлекет ревакциналау жұмыстарына кірісті. Қазіргі кезде коронавирусқа қарсы қайта вакциналау облыстағы барлық емханаларда ұйымдастырылып жатыр. Ревакциналау I дозалық, яғни, I компонентін алғаннан кейін ағзада тұрақты иммунитет қалыптаспаса, – делі облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов.

Одан бөлек, өңірде 1590 тұрғын «Pfizer» вакцинасын салдырды. Оның ішінде 1156-сы

– жасөспірім, 233-і – жүкті әйел және 201-і – бала емізетін әйел. Ал Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, елімізде 20381 жасөспірім, 2499 жүкті әйел және 4674 бала емізетін ана «Pfizer» вакцинасын салдырған.

Жалпы егу жұмысы басталғалы бері аймақта тұрғындардың 396301-і вакцинаның I компонентін салдырса, II компонентін алғандар саны – 33432.

Эпидемиологиялық ахуалға келсек, облыс «жасыл аймақта». Кешегі мәлімет бойынша індет жұқтырған 6 тұрғын тіркелді. Жалпы емделіп шыққандар 97 процентті құрайды. Ал инфекциялық стационарда 153 наукас ем қабылдауда.

«СБ» ақпарат

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

«Қараөзек» қиындықты сейілта ме?

Мамандар «Қараөзек» су арнасын ретке келтіру дер кезінде қолға алынып отыр деген пікірде. Бұл жөнінде орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова атап өткен еді.

Сб Әліжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»



Жалпы, бұл жоба 775 млн текше метр су жинауға мүмкіндік бермек. Мақсат – көлдер жүйесін және шабындық-жайылымдық алқаптарды, Қазалы ауданының егістік жерлерін суландыру. Жобаның жалпы құны – 1,9 млрд теңге. Оның жүзеге асуы нәтижесінде 5,4 мың гектар суармалы жер, 3,3 мың гектар көлдер жүйесі, 120,8 мың гектар шабындық пен жайылым сумен қамтамасыз етіледі.

«Қазушар» РМК облыстық филиалы директорының орынбасары Жорабек Ерназаровтың айтуынша, «Қараөзек» арнасының бойына салынатын су қоймасы Сырдария, Жалағаш және Қармақшы аудандарының көлдер жүйесіне құралады. Ал олар қысқөктем айларында Сырдария өзені арқылы келетін мол судың есебінен толықтырылады. Есептеулер бойынша «Қараөзек» су арнасы арқылы Қазалы ауданының 18 мың гектарға жуық егін алқабын суландыруға мүмкіндік бар.

2-бет

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Ынтымақтастық істі ілгерілетеді

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері жөніндегі құрылымының өкілдерін қабылдады.

Жиынға Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері жөніндегі құрылымының өкілі Мария Доценко, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия тәрәйымының орынбасары Ләззат Сүлеймен, Ұлттық комиссияның мүшесі Аида Әбибуллаева және тиісті сала басшылары қатысты.

Кездесуде аймақ басшысы гендерлік саясатты дамыту бағытындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмысына тоқталып, ел Президентінің әйелдер үлесін 30%-ке дейін арттыру жөніндегі тапсырмасы өңірде жүзелі түрде жүзеге асырылатынын жеткізді. Сондай-ақ, өңірде әйелдердің тұрмыстық мәселелерін арнайы

эксперт мамандармен бірге кешенді түрде зерттейтін жобаларды пысықтау жұмыстары басталатынын тілге тиек етті.

Биыл қастерлі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында өздерініңбен жүздесіп

отырғаныма қуаныштымын. Сіздер ҚР Үкіметімен мемлекеттің ұлттық даму саласындағы бірінші кезектегі міндеттерді іске асыруда, әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуде ынтымақтастықтасыздар. Әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықты жою, әйелдерді шешім қабылдау деңгейіне көтеру, сондай-ақ олардың бітімгершілік процестердегі ролін күшейту сияқты бағыттарды, гендерлік теңдікті қамтамасыз

ету бойынша елдің халықаралық міндеттемелерді орындауына қолдау көрсетіп келесіздер. Біріккен Ұлттар Ұйымына қатысушы елдерге гендерлік заңдарды, саясатты, жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруда жан-жақты қолдау көрсеткендеріңізге алғысымды білдіремін. Алдағы уақытта да бұл бағытта бірлесіп жұмыс атқарамыз деп сенемін, – деді облыс әкімі.

Жиында Мария Доценко гендерлік теңдікті сақтау бағытында бірқатар ұсыныстарын жеткізіп, көрсетілген құрметке ризашылығын білдірді.

– Қазақстанда гендерлік саясатты дамытып, әйелдердің жоғары лауазымдарда қызмет етуіне мүмкіндік беріліп келеді. Біздің мақсат – гендерлік теңдікті сақтай отырып, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау, шешім қабылдау деңгейіне көтеру және осы бағыттағы басқа да маңызды бастамаларды жалғастыру. Әйелдер үшін экономикалық мүмкіндіктерді кеңейту маңызды. Сіздің бұл саладағы көпжылдық еңбегіңіз бен тәжірибеніңді ескере отырып, алдағы уақытта да жана жобаларды жүзеге асырамыз деп ойлаймын. Бүгінгі кездесу үшін ризашылығымызды білдіремін, –

деді Мария Доценко.

Ал, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия тәрәйымының орынбасары Ләззат Сүлеймен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы әлеуметтік мәселелерге қатысты маңызды ұсыныстарды ескеруге дайын екенін айтты.

Айта кетейік, Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен «Сағаван of Knowledge» (Қараван знаний – Білім керуені) қоғамдық қоры Қазақстанда STEEM бойынша білім беру саласын дамытуда, әсіресе жалпы білім беретін мектептердің оқушылар мен мұғалімдерін қолдау мақсатында «STEM Kyzdar» жобасын өткізді. Жобаға облыс бойынша 600-ге жуық қыз қатысып, олардың 35-і жеңімпаз атанды.

Жыл соңында облыс әкімі «БҰҰ-әйелдері» құрылымының жұмысына табыс тіледі. Еске салайық, «БҰҰ-әйелдері» құрылымының өкілі Қызылордаға сапары аясында білім беру ұйымдарын аралап, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен кездесіп, әйелдердің құқықтық және әлеуметтік мәселелері бойынша ортақ кездесу өткізді.

● МІНБЕР

Депутаттық сауал

Құрметті Маулен Сағатханұлы! Құрметті әріптестер!

Мемлекет басшысы медициналық-санитарлық алғашқы көмектің (МСАК) және ауылдық денсаулық сақтау мен оның инфрақұрылымының маңыздылығын бірнеше рет атап өтті.

Бүгін біз пандемия кезінде шиеленісіп, қажетті медициналық көмектің кейінге қалдырылуына әкеліп соқтырған бастапқы буынның шамадан тыс жүктелуін көріп отырмыз. Бұған кейінгі 2 жылда жалпы өлім-жітімінің 28%-ке, жүрек-қан тамырлары ауруларынан болатын өлім-жітімінің 32%-ке және ана өлімінің 4 есе өсуі дәлел.

Үкіметтің назары мен қолдауын талап ететін ауылдық денсаулық сақтау мен МСАК жұмысының кейбір аспектілеріне қысқаша тоқтала кетуге рұқсат етіңіздер.

Ауыл тұрғындарына медициналық көмек бүгінде қалалық жердегі сияқты қағидаттарға негізделген және халықтың төмен тығыздығы мен елді мекендердің бір-бірінен алшақтығын ескермейді. Жүктеме стандарттары қала үшін де, ауыл үшін де бірдей – 1 учаскеге 1700 адам. Қаржыландыру тетіктері ауылдық денсаулық сақтауды медициналық көмекті ұйымдастыруда жана тәсілдерді іздеуге ынталандырмайды. Нәтижесінде, қуаты аз аудандық ауруханалар мамандандырылған көмекті дамыта алмай, пациенттердің едәуір ағымын облыс орталықтарына жіберуге мәжбүр.

Шалғай ауылдарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін жылжымалы дәріхана пункттерінің әлеуеті толық іске асырылмаған. Кешенді жан басына шаққандағы норматив фармацевтикалық қызмет көрсетуі өтемейді. Жеңілдікті дәрілерді босатудың қазіргі тәртібі неғұрлым икемді және дәріхана желісінің дамуын тейлейді, сондай-ақ халықтың бірлесіп төлеу тетіктерін енгізуге мүмкіндік бермейді.

Ауылдық МСАК объектілерінің жұмыс істеп тұрған желісін жаңарту мәселесі шешуді талап етеді. Ұйымдар инфрақұрылымының орташа тозуы 55%-тен астамды құрайды, медициналық техниканың жоғары тозуы 48%-ке дейін сақталады.

Жылжымалы медициналық кешендердің жұмысын ұйымдастыруды қайта қарау қажет. Бұл қызметтердің тарифтерін көлік және іссапар шығындарын ескермейді, ал бағасы емхана жағдайында көрсетілген медициналық қызметке тең. Сонымен қатар, сақталдырылмаған ауыл тұрғындарының шамамен 25%-і аталған көмекті ала алмайды, себебі оның басым бөлігі тек сақталдырылған тұнғалар үшін қолжетімді.

2020 жылдан бастап бірлесіп орындаушыларды тарту арқылы консультациялық-диагностикалық көмек бойынша МСАК-ті қаржыландыру тетігі енгізілді. Ақпараттық жүйелер жетілдірілмеген, қызметтердің сапасы мен көлемін бақылау құралдары болмаған жағдайда, бұл медициналық көмектің кейбір түрлерінің бақылаусыз өсуіне әкелді. Жағдай жоспарлау жүйесінің жоқтығымен күрделене түседі. Мысалы, азаматтардың учаскелік дәрігердің жолдамасынсыз кез келген стоматологиялық клиникаға жүгіну құқығы қолжетімділікті кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар осы көмек түрінің артық тұтынылуына алып келді (көрсетілетін қызметтің 53%-ке өсуі, қаржыландырудың 82%-ке өсуі). Бұл ретте мамандандырылған көмектің жоспардан тыс көлемі негізгі қызметке зәлал келтіре отырып, ұйымдардың жан басына шаққандағы нормативі есебінен қысқарды.

Пандемия басталғаннан бері емханалар COVID-19 науқастарына арналған мобилді бригадалардың жұмысын толық орналастыра алмады. Қаржыландыру жүйесі расталған жағдайды бастапқы шақыру үшін ғана шығыстарды өтейді. Мобилді бригадалардың қайта шақырылуына шығындарды амбулаториялық ұйымның өзі көтереді.

Осы жылдың наурыз айынан бастап міндетті профилактикалық егулер тізімі коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинамен толықтырылды. Осыған байланысты, имундаудың жылдық жоспары 2,5 есеге артты. Контингентті қамту үшін барлық учаскелік желі тартылды (916 егу пункт), 233 жылжымалы бригада құрылды), көлік шығыстарына және медициналық материалдарды сатып алуға арналған шығындар еселеп артты.

Бұл айтарлықтай, күтпеген шығындарға әкелді. Жоспарлы жұмысқа есептелген қаражат эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға бағытталды, бірақ өтелмеді. Осылайша, ағымдағы жағдай бұрын қалыптасқан толық қаржыландырмау үрдісімен қатар МСАК-тің экономикалық тұрақтылығын әлсіретті.

Бүгінде балаларды вакцинациялауды және ересек тұрғындарды ревакцинациялауды ұйымдастыру бойынша жана міндет тұр.

Сонымен қатар, денсаулық сақтау жүйесі қаржыландырудың 2021 жылғы деңгейге қарағанда 11%-ке қысқаруы байқалған салалар қатарында, бұл да есеп комитетінің қорытындысында атап өтілді.

Тұтастай алғанда, 2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын қолдай отырып, Үкімет отандық денсаулық сақтау жүйесінің жинақталған проблемаларын шешу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды деп сенемін.

Ақмарал ӘЛНАЗАРОВА, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты

Ана мен бала құқығы

Кеше «Достық үйінде» Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері жөніндегі құрылымының өкілі Мария Доценко, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия тәрәйымының орынбасары Ләззат Сүлеймен, Ұлттық комиссияның мүшесі Аида Әбибуллаеваның қатысуымен жиын өтті. Жиынға облыстағы БҰҰ басшылары қатысты.

Сп

Газиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Күн тәртібінде әйелдердің құқықтық және әлеуметтік мәселелері бойынша қазіргі таңда елімізде атқарылып жатқан шаралар және алдағы уақыт еншісіндегі ауқымды мәселелер сөз болды. Бұл бағытта өңірде қалыптасып отырған тұрақты әлеуметтік ахуал жайында облыстық әйелдер кеңесінің тәрәйымы Райкүл Байназарова, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің тәрәйымы Рахима Қаржаубаева

айтып өтті. Олардың айтуынша, бұған дейін Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары жайлы мәселелерге көтерілетін. Ал бүгінгі таңда отбасы құндылығын нығайтуға байланысты нақты қаламдар жасалатыны сөз болды. Сонымен қатар, жоғарыда аталған Ұлттық комиссияның мүшесі Аида Әбибуллаева, облыстағы «Бітім» медиация орталығының басшысы Ләззат Бақтыбаева, «Арал әйел-

дері» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Бакытжамал Жүгінісова әйелдер мен балалар өмірін қорғау және әлеуметтік қолдау тұрғысында бірқатар ұсыныстарын ортаға салды. Сондай-ақ, жыында өмірлік қиын жағдайға тап болған немесе мүмкіндігі шектелуі әйелдерді оқыту, кәсіпке бейімдеу және олардың өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құқықтық сауаттылығын көтеруге байланысты алда тұрған міндеттер талқыланды.

– Қазіргі күні әйелдерді заманауи мамандықтарға оқытуда, сонымен қатар, олардың саясаттағы роліне байланысты көптеген жобалар жүзеге асырылуда. Болашақта БҰҰ-ның өкілдігі, ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия тарапынан жана бағдарламалар қабылдауды қарастыратын боламыз, – дейді ҚР Парламент Сенатының депутаты Ләззат Сүлеймен.

Елімізде өткен үлкен саяси науқаннан кейін «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір» сайлаудың бағдарламасына сәйкес «Нұр Отан» партиясы жоспарлаған міндеттер іске аса бастады. «Нұр Отан» партиясының 2021-2025 жылдарға арналған Қармақшы ауданы бойынша сайлауды бағдарламаларын іске асырудың Жол картасы бекітілді. Ол 7 бағытты қамтитын 80 іс-шаралар туралы. Бүгінде 54 іс-шара орындалды, 26-сы орындау үстінде.

«Экономикалық тұрақты аймақ» бағытымен ауыл тұрғындарының табысын арттыру үшін 2025 жылға дейін 267 млн теңгені құрайтын 15 жобаны іске асыру көзделуде.

Биыл 32 млн теңгеге жоспарланған жұмыстар толығымен аяқталып, Жаңажол, III Интернационал және Дауылкөл ауылдарында жем шығаратын цехтар пайдалануға берілді. Осы жылы 1611 жана жұмыс орнын ашу жоспарланса, ол 138,5 пайызға орындалып, 2231 жана жұмыс орны ашылды.

Аудандағы ірі жобаның бірі – Ақтөбе ауылындағы «Қармақшы құс» ЖШС. Серіктестік жылына 1500 тонна құс етін өндіретін құс фабрикасын іске қоспақ. Қазір фабриканың құрылыс жұмыстары аяқталып, құрал-жабдықтары алынуда. Азық-түлік бағасын тұрқтандыру үшін Жосалы және Төретам кенттерінде әлеуметтік маңызды бар азық-түлік сөрелері қойылып, өнімдер нарықтағыдан төмен бағада сатылуда.

«Жайлы аудан» бағытымен биылдан бастап елді мекендерде барлығы 34,345 шақырымды құрайтын ішкі көшелер жөндеуден өтіп, 2025 жылға қарай жасқы және қадағаттанарлық жағдайдағы автомобиль жолдарының үлесі 95 пайызға жетпек. Осы жылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Жосалы, Төретам кенттерінде және Ақай, III Интернационал ауылдарында барлығы 40 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіліп аяқталды.

Кезекте тұрған азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін қопбалалы отбасыларға 10 тұрғын үй құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілді. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің қаражаты есебінен жастарға және азаматтардың әлеуметтік осал топтарына тұрғын үйлер салу жұмыстары пысықталуда. 5 жылда осындай 50 тұрғын үйді және Байқоңыр қаласындағы 50 пәтерлік 5 тұрғын үй құрылысын салу жоспарлануда.

Жосалы, Төретам кенттерінде және Ақай ауылында электр желілері жөндеуден өтті. Ауданның елді мекендері толықтай таза ауызсумен қамтылған. Байқоңыр қаласында және Төретам кентінде сумен жабдықтау желілерін кеңейту жобалары іске асырылады.

Биыл Жосалы кенті табиғи газға қосылды. Қазір газға қосылуға 1502 өтінім түсіп, 1072 отбасы «көгілдір

отынның» игілігін көруде.

«Әлеуметтік бағдарланған аймақ» бағыты бойынша 2 елді мекендегі медициналық мекемелердің (Қармақшы аудандық аурухана) жылу қазандықтарын газға ауыстырудың, Дүр Онғар, Тұрмағамбет дәрігерлік амбулатория ғимараттарының жобасметалық құжаттары әзірленіп, алдағы жылы құрылыс жүргізіледі. 2025 жылға дейін орталық ауруханаға 3 желел жәрдем автокөлігі сатып алынады.

Байқоңыр қаласы, Жосалы, Төретам кенттерінде және Ақай, Ақжар, Тұрмағамбет, III Интернационал ауылдарында 8 орта мектеп ғимараты күрделі жөндеуден өткізіледі. 1-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуда 85,7 пайызға жеткізу үшін жұмыстар жүргізілуде.

Жосалы кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Сонымен қатар Жосалы, Төретам кенттерінде стритбол алаңдары пайдалануға берілді.

«Жастарға арналған аудан» бағыты негізінде жыл сайын 230 жасты тұрақты жұмыспен қамту жоспарланды. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша 5 жыл ішінде 330 маманға әлеуметтік қолдау көрсетіледі (тұрғын үй, көтерме жәрдемақысын беру).

«Тарих пен мәдениетті дамыту» бағыты аясында партияның «Бақытты отбасы» жобасын жүзеге асыра отырып, отбасылық құндылықтар туралы түрлі акциялар мен спорттық шаралар өткізіледі. «Анық және есеп беретін жергілікті органдар» бағыты аясында «бір терезе» қағидаты бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің электрондық форматтағы үлесі 70,3 пайызды құраса, 2025 жылға қарай 90 пайызға жеткізу көзделген.

«Қауіпсіз аймақ» бағыты аясында 2024 жылға дейін көше жарықтары, 60 бейнебақылау камерасы орнатылады.

Біздің негізгі міндетіміз – ауданның әрбір тұрғынының сенімін ақтау. Жоспарланған жұмыстардың мерзімінде және сапалы орындалуы тікелей партияның аудандық филиалының бақылауында болады.

«Еркін Әуелбеков» медалімен марапатталды

Кеше облыс әкімінің орынбасары Серік Ахметтің қатысуымен көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Еркін Әуелбековтің ескерткішін салуға үлес қосқан қызылордалық азаматтар «Еркін Әуелбеков» медалімен марапатталды.

Жақында ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Көкшетауда қазақ халқының біртұтас ұлына ескерткіш орнатылған болатын. Ескерткіштің ашылу салтанатына белгілі қоғам қайраткерлері, тұрған-тұстары, әріптестері қатысты. Салтанатты шараға облыстан Еркін Әуелбеков қоры облыстық филиалының басшысы Сәдуақас Анаст, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ерпалов, Әбдіжәлел Бәкір, Бигали Қанопов, Кеңес Махамбетов, Балтабай Ақпанбетов сынды делегаттар қатысты.

Өткен жылы Еркін Әуелбековтің 90 жылдығына орай оның Ақмола облысындағы әріптестері, шәкірттері және зиялы қауым өкілдерінің өтініші бойынша Үкімет қаулысымен Көкшетау қаласында ескерткіш орнату тура-

лы шешім қабылданды. Осы мақсатта қор құрылды. Бір жыл ішінде қорға кәсіпкерлер мен жеке тұлғалардан қырық миллион теңгеден астам қаржы түсті. Бұл іске барша қазақстандықтар үлес қосты, соның ішінде облыс тұрғындары сегіз миллион теңгеден астам қаржы жинады. Қола мүсіннің тұғырымен қоса биіктігі – алты метр. Ескерткіш авторы – мүсінші, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, Мәдениет қайраткері Токтар Ермеков.

«Еркін Әуелбеков» медалімен марапатталғандар қатарында Серік Ахмет, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Бакберген Досманбетов, Жалағаш ауданының әкімі Асылбек Шәменов, тағы басқа азаматтар бар.

Айта кетейік, Е.Әуелбеков

К.Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылығы академиясын бітіргеннен кейін еңбек жолын Солтүстік Қазақстан облысында агроном болып бастаған. Іскерлік, ұйымдастырушылық, адами қасиеттерінің арқасында мемлекет және қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілді. Еңбегі бағаланып, Социалистік Еңбек Ері жоғары атағы берілді.

1965-1967 жылдары Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары, Қазақ КСР Астық өнімдері және жем өнеркәсібі министрі қызметтерін атқарды. 1968-1989 жылдары Көкшетау, Торғай, Қызылорда облыстарын басқарды. Ол басшылық қызмет атқарған кезде стратегиялық маңызды зор бағдарламалар жүзеге асырылды.

Қайраткер тұлғаның ерен еңбегінің арқасында Қызылорда облысының мәртебесі III санаттан II санатқа көтеріліп, шөл және шөлейт аймақтарға арналған 15 пайыздық коэффициентке қол жетті. Е.Әуелбеков алғаш рет КСРО басшылығының алдында Арал теңізінің тартылуына байланысты жаһандық экологиялық проблеманы көтерді. Бұл өңір мен шекаралас аймақтарға қиындық әкелген жаһандық экологиялық апаттың басы болатын. Дәл осы кезеңде облыс басшысы аталған аумақ тұрғындарының жеңілдіктер алуына көп еңбек сіңірді. Жезқазған өңірінде орналасқан Күмкөл көні орнының ұзақ мерзімге жалға берілуіне, өңірдің экономикалық әлеуетінің артуына ықпал етті. Осы жылдары өнеркәсіп пен құрылыстың дамуы бұрын болмаған биіктерге жетті. Облыс орталығында жана әуежай мен драма театры салынды. «Рисмаш», «Шалқия» және басқа да өндіріс нысандарының қуаты артып, жаңа тұрғын аудандар пайда болды.

«СБ» ақпарат

«Қараөзек» қиындықты сейілте ме?

Жобаны жүзеге асыруда Қараөзек арнасының ПК-490 бекетіндегі «Байгелді», ПК-950 бекетіндегі «Картон-комбинат» және ПК-1500 бекетіндегі «Қожағай» су тоспаларына күрделі жөндеу жүргізіледі. Оған қоса 14,3 шақырым бөгет, 4 шақырым канал қазу, 5 дана бас саға салу, 4 қызметтік тұрғын үй, 13 су бекеті (гидропост) және қуаттылығы 25 кВт трансформатор қою жоспарлануда.

– Өткен жылы және биыл дарияда судың аз болуы жергілікті диқандарға

1-бет

қырымнан асатын өзен бойындағы халықтың тіршілік кезі. Қырғызстандағы «Токтағұл» су қоймасының сыйымдылығы 19 млрд текше метрге лайықталған. Қазір онда небәрі 12 млрд текше метр су бар. Жағдай осындай сипат алып тұрғанда дарияның төменгі бөлігіндегі өзге су қоймаларының ахуалын бағамдауға аса ақылдың қажеті жоқ.

Айта кетсек, бүгінге дейін Қызылорда облысында бірде-бір су қоймасы жоқ. Су ресурстарын тиімді пайдалануда көп қиындық алып келеді. Жергілікті мамандар осыған орай бірнеше жоба ұсынды.

Солардың арасынан «Қараөзек» су қоймасы қолдау тапты.

– Ашығын айтқанда, кейінгі уақытта «Сырдария-Нарын» қаскадында орналасқан мемлекеттерде дария суын энергетикалық режимде пайдалануға маңыз беріліп отыр. Бұл жағдайда жаз бойы су жиналып, қыста су төменге тасталады. Ал бұл уақытта Қызылорда облысының оны тиімді пайдалануына мүмкіндік болған жоқ. Салдарынан мол су Үлкен Арал теңізіне жыл сайын қайтарылмсыз кетіп жатты. Осылайша қаншама уақыт бойы су көздерін тиімді

пайдалана алған жоқпыз. Оның өзінде қысқы мұз қатқан мезгілде оған су жеткізудің өзі қиындық алып келетін, – деді «Арал-Сырдария» қаскадында инспекциясының басшысы Сейілбек Нұрымбетов.

Орта Азияда қалық саны жылдан-жылға артып келеді. Сала мамандары осы кеністікке орналасқан Сырдария мен Әмударияның суы қажеттілікті қамтамасыз етуге толық жетпейтінін айтады. Себебі, өзендер бойындағы халықтың өмір сүру көзі суармалы жерден алына-тын өнімге тікелей байланысты.

БАЙҚАУҒА

Жарқын дәуірдің жаршысымын



Қазақстан ғылымының практикалық басым, Қызылордадағы күрші ғылыми-зерттеу институтының заманауи технология тамырын деп басуы көңіл көншітеді. Нарық нөпірінде Жайылманың қарбызы талайдың таңдайын қақтырды. Әлемдік маңызға не мұнай өндіру жөнінен Күм көліміз бет қызартпаса, Шалқиядағы уран өндірудің беталысы халықаралық маңызға не десек те болады.

Бір кездері баспасөз беттерінде Сыр өңірінің ауымын «Қаратаудан Аралға дейін» дейтін қанатты тіркес жарнамалайтын. Ал мұның өзі тұтастай еліміз туралы «Атыраудан Алтайға дейін» деп жарияға жар салатын ұранды сөзіміздің үйреншікті баламасы сияқты ғой. Сөйтсекші «Кіндігім бірге Аралмен» деп қаһарман қаламгер Зейнолла Шүкіров жырлағандай, ықылас арнасын Тәңір қолдаған Аралыма неге бұрмасқа?! Аралдың тұз өндіру жөнінен атағы баяғыдан алысқа кеткен. Нарық дүрбелені түсында осынау берекетті кеніш ырыс қойнауын жана өндірістік өрлеу беталысымен қайта қанаттанды. Бүгіндері қалталанған Арал тұзы әлемдік рыноктың тұрақты сұраныс көзіне айналды. Бертінде Шөміштің шеге құмы шыны өндірісіне таптырмайтын базаға айналды. Өттеген-ай осы бағалы шикізатқа біреген бір не болатын отандық іргелі өндіріс орны әлі күнге еншісін алмағаны.

Арал теңізінің үмітсіз тартылуы бүкіл әлемді абыржытты. Заманымыздың классик жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» романы қозғаған теңізбен таңырлас адамдардың рухани арпалысын жүректі шымы еткізе сүртетпей биік мінберлерге дейін жетті. Табиғат тілеулері композитор Мұрат Сідықовтың «Аралмен мүлдасу» атты экологиялық толғауы мен акын Мешітбай Құттықовтың «Дерт-дастан» поэмасы дүниені күнтіренткендей жан пίδα тәуекелге бел бұғызды.

Тәуелсіз жас мемлекеттің мұн пердесін нысартқан Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың наркескен байламын Бүкіләлемдік Банк қосымша қаржы қуаттағандар тарихи тәуекелге бел бұғызды. Осындай қолдау мен бағытталып арқасында Сыр мен Өму арасындағы теңіз қамалына ұқсаған «Көкарал» бөгеті қажыған айдына айбат берді. Өмірге «Кіші Арал» деген атпен еркелей толқыған қарт теңізде дүниежүзі елжірей көз тікті. Сөйтіп Аралдың бағы ашылып, ежелгі балықтары ерке толқына ере келді.

Дана халқымыздың «қос тойың қабағт келсін» дейтін батағой тілегі жөне бір жарқын жаңалықтың шашуына ұласты. Теңіздің тартылуымен бірге кенезесі кепкен Сырдария суын көне құбыр арқылы қала халқына жет-

кізу сергелденіне нүкте қойылды. Ауызсуды әзер талмап отырған шақта, Үкімет пәрменімен Құланды қойнауындағы Сарыбұлақ қайнарынан Арал қаласына төтелей жана технологияға негізделген су желісі тартылды. Тағы да Аралға деген әлемдік ықылас пұшайман жұртшылықтың жүзіне нұр жүгіртті.

Сарыбұлақтың балдай суы экология зардабы күрсінткен қайсар халықтың таңдайын жібітті. Бұл арада қайта құру қарбаласы кезінде батыл шешім қабылдаған сол тұстағы облыс әкімі Еркін Әуелбековтің көрген қамқорлығы бүгіндері жанарға жас үйірелі. Осы ерекше ұмтылыста Қазақстан Үкіметін Кувейт қоры мейлінше қолдады.

Осы өшпес тарихи қос бетбұрысқа орай Елбасының Арал халқымен елжірей қауышуы нағыз тәуелсіздік сүйіншісіне ұқсады. Бүгінде Аралдың байырғы балықтары экспорт сөресіне нық жайғасты. Жағалау жайсаңдары ежелгі кәсібіне оралып, әл-ауқаты қалалықтармен теңесетіндей дәрежеге жетті. Айттыскер ақын Әбілхан Махановтың «Аралым – айдын шалқарым» атты асқақ пафосты арнауы қайта шырыл-ды. Тағы бір таланттымыз Бекзак Төңібергеновтың «Аралдың табынанан су кеткенмен, халқының жүрегінен жыр кеткен жоқ» дейтін астарлы шалқу жыры шағаладай шәрк ұрды.

Ал сарқылмайтын қайнар тәртізді тәңір сыйлаған Сарыбұлақ суы бүгіндері Қазалы ауданының мейірін қандыған дәруден бетер сыбағалы сыйға айналды. Кейінгі кездері трансектаралық су ағынын сақтау режиміндегі дәлелді бөгесіндерге орай «Кіші Аралдың» қабағына кірбін уялай бастағанын мемлекетаралық келісімдердің он шешімімен баянды болатынына жалтақтаусыз үміт артқымыз келеді.

Барша еліміздегідей Сыр өңірінің жастары да білімпаздық белесінде бәйге дүбіріне елеңдеулі. «Қазақ-түрік лицейі» көп тіл білу ұмтылысына жол ашты. Назарбаев интеллектуалдық мектебі дарынды шәкірттердің қанатын қолдауына серпін қосты. Ғылым мен өнердегі жастар қолтаңбасы да айшықтала түседі. Түрлі байқауларда топжарған үкілі үміттеріміз жетерлік.

Жаңа толқының еліктеу мектебі де осал емес. «Тамашаның тарланы» Құдайберген Сұлтанбаев, жырарлық әлемінің топжарғандары Алмас Алматыев пен Рысбек Әшімов, айтыста көрерменнің айызын қандыған Елена Әбілхалыкова мен Мұхтар Ниязов, дүлдүл термешілер Набат Ойнарова мен Елмұра Жанабегенова, композиторлар Бексұлтан Байкенежев пен Рамазан Тайманов, таланттарды талпындырған музыка сейісі Қарағөз Ақдәулетова



бауылған Алмас Кішкенбаев пен Нәби Аймұратов сынды шамшырақтар әлі де талай жас есімдермен толығары хақ. Үлкен сахнада Сыр мәртебесін асқақтатқан эстрада жұлдыздары Мәдина Садуақасова, Гүлнұр Оразымбетова, Өмірқұл Айниязов тәрізді елді тамсандыратын таланттар жалғасын табырына бек сендіміз.

Спорт жанкүйерлерін дүр сілкіндірген зптеміріші Илья Ильин, боксшы Қамшыбек Қоңқабаев, мәнерлеп сырғанаушы Әлізабет Тұрсынбаеваның есімін толықтыратын чемпиондардың жана легі жөніс тұғырында жүздері жайран қағатынына көміл иланамыз.

Кәсіпкерлік көкжиегі ағысн кеңейтті. Баяғы ала дорба арқалаған аналар мен коммерсант атауына мәз болғандар бүгіндері кәсіпкер, бизнесмен деген жана мәртебемен нарық көшінде ал-шаң басуда. Мемлекет тарапынан жұмыс қозын ашыған дөушілерге кеңінен қолдау жасалады. Несиеге қол созғандар қатары да молаюда. Сөз жоқ, халыққа қызмет көрсетуші кәсіпкерлік құрылымдар – сауда сырын жетік меңгеріп алды. Тұтынушыға құстың сүтінен басқаның бөрі сөреде сарсап тұр. Ендік жерде әлемдік рынок талабына сәйкес өндіру мен жеткізу арасындағы бағаның жөнісіз алшақтығынан абай болу керек. Бұл жөнінде онтайлы реттеуші тетік табылары хақ.

Тарих сыйға тартқан тәуелсіздігімізді аялап ардақтау барша-мыздың бұлжымаса борышымыз. Мен де хал-қадірміше осы жасамапаздық үрдісіне өз үлесімді қосып келемін. Аудандық «Толқын» газетіне 1990 жылдың ақпанында әдеби қызметке келген кезім. Га-

зет атауының жоғарғы жағында атойлап тұратын «Барлық елдің пролетарлары бірігіңдер!» деген ұран сөз алынып тасталды. Газеттің маңдай тұсына жана жалынды сөйлем табу керек болды. Барлық қызметкерлер сияқты мен де «Арал тағдыры – адамзатқа аманат» деген дабылды сөз ұсындым. Бұл атау бөрінің көңіліне қона кетті. Егемен сөзі қолданыста жіңіледі. Сол тұста «Социалистік Қазақстан» және «Ленин жолы», «Толқын» газеттерінің біріккен саны Аралда өтетін халықаралық симпозиумға арналды. Сол таралымда менің «Жабырақ жүз, шалыққан жүрек» деген атпен проблемалық мақалам жарияланды. Тәуелсіздік тегеурінімен атақты жазушы Шерхан Мұртаза ағамыздың тегіндегі «ов» ты жұлып тастағаны секілді мен де ендігі жабылардың соңына Жанабай Кемал деп қол қоятын болдым. Бұл, әрине көзсіз еліктеу емес, рухани сілкіністің әсерінен туған ұмтылыс еді.

Журналистік жолымда үнемі жаналық жаршысы, кемшілік жөңкішсі болуға ұмтылдым. «Барсақелместің болашағы бұлыңғыр», «Құдік көлескеніндегі үміт», «Батырлардың жұрнағы – балықшылар», «Гырнақ ұшындағы тазалық», «Тунышқан қайнар», «Экологиялық парк қажет», «Сыйыну мәдениетіміз қандай», «Қоғам қалғып кетпесін», «45 минутқа қиянат», «Журналистика жөлібіке сала емес» деген тақырыптағы сые материалдарым оқырманды елең еткізіп, қреслодағыларды бір сілкінтті.

Тәуелсіздік тегеуріні баспасөздің бұйрық тілемейтін шабаңдозына айналдырғаны өзімді іштей марқайтады. Еркіндік

лебiнiң ескенiне он жыл толуына орай Арал аудандық «Толқын» газетiнiң 2001 жылғы он нөмiрiнде арнайы публицистикалық ренкпен мақалалар сериясын жариялады.

Тәуелсiздiк жаршысы ретiнде ақ өлен үлгiсiнде жазылған «Шамырқанған шыңдығымның қайнар», «Берекеннен айырма», «Асырдың соңғы Наурыз», «Ақсұттай күндер арман», «Еркiндiк символ», «Елiн сүйген Елбасы», «Бақ құсы қалықтады аспанымда» сынды публицистикаларым мерзiмдi баспасөзде атойлаған сәттерi сiрә да, естен кетер ме!.

Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттiк тiлдi насихаттау мақсатындағы «Тiлде таса жоқ», «Тайы жоқ жерде – тiл керен», «Даналардан жеткен тiл дөуiрлесiн», «Оқырман сүйiктi кейiпкерге әрзу», «Қара сөзге қолдау қажет» атты талдамалы дүниелерiм қоғамдық оң пiкiр қалыптастырды.

Арал өнiрiнiң пайдалы қазбаларға бай екенiн айғақтайтын жұмыс сапарым Құланды қойнауындағы тұңғыш мұнай бұрғылау сәтiне күзгер қылғаны әлi күнге жадымды жаңғырдықтырады. Сол экспедицияның әкi мың метр тереңдiкке дейiн бұрғы түсiрiп, автоматика тетiктерiнде «Мұнай әкi алыста жатқан жоқ» деп сүйенiшi сұрайтынды жаңымдағаны әлi күнге жүректi жылытады. Қалмыкия делегациясымен Аралға достық сапарында шығармашылық байланыс орнатқан журналистiк тәжiрибе алмасулар да қалам ұшың өткiрлей түседi.

Мен Арал өнiрiнiң қадау-қадау проблемаларына қатысты көкейтестi оптимизмге толы мақалаларым арқылы екi дүркiн Орта

Азия экологиялық журналистикасы фестивалдарының лауреаты атандым. Республикалық деңгейде ерiктiлер қозғалысын насихаттағаным үшiн арнайы жүлдени иелендiм. «Аллажар» қолдау қоры ұйымдастырған экологиялық материалдар конкурсында «Арал өнiрiндегi үкiметтiк емес ұйымдардың қалыптасуы және даму мүмкiндiктерi» деген сараптамалық материалым бiрiншi орынға лайық деп танылды.

Мен әу бастау негiзгi қызметiммен қоса қоғамдық жұмыстарға белсене араласатынымын. Мәдениет қызметкерлерi қоғамдық университетiнде лекциялар оқыдым, облыстық халық сотының заседателi болдым. Аудандағы «Арал теңiзi» қоғамдық бiрлестiгiнiң қолдауымен ғаламдық экологиялық қордың кiшi гранттар бағдарламасы бойынша «Аманат» экологиялық жобасының үйлестiрушi қызметiн атқардым. Екi жыл бойы он төрт елдi мекенде экологиялық ақшадар кешенiн ұйымдастырдым. «Көкарал» бөгетi салынбай тұрып Қаратереңдегi Баян көлiнде өткел салуға жұртшылықты жұмылдырғанымыз мақтаныш сезiмiн туғызды. Осы жоба аясында «Табиғатпен тiлдесу» атты кiтапша әзiрлеп мазмұнды буклет ұсынғанымды орайдым күрметпен еске аламын.

Дания-Арал балықшыларының кәсiби ынтымақтастығын арқау еткен «Қаттигаттан Аралға аттандаған» атты очеркiм ишелдiк баспасөзде жылы қабылдағаны жадымды жаңғыртылды.

Тәуелсiз елдiң әрбiр азаматында патриоттық iшкi дауыс үнемі дабыл қағып тұруы тиiс. Төкмейлсу, келiсiмпаздық, жалтару сияқты iшкi рухани қуатты босансыту қай буынға да жараспайды. Шығармашылық аламанда шетқапай болған кезiм жоқ. Ауданның үздiк журналистi, облыстағы аудандық газеттер арасындағы үздiк мәртебелерi мен үшiн жай баспаддақ емес. Патриоттық тәрбие жайлы «Борыш тұғырындағы бақыт», ұстаздар туралы «Мәңгiлiк мақтаныш», «Женiстiң бiр ұшқыны», «Оқ пен қонырау» атты очерктерiм әртүрлi басылымда жүлделер атандырды.

Тәуелсiздiктiң жиырма жылдығына байланысты «Елiм менiң» атты облыстық шығармашылық байқауда «Шевченко шығармаларындағы қазақ өмiрi» деген әлебiн әсесем «Үздiк әдебиеттанушы» деген номинациясы иеленгенiн iлтипат сезiмiмен ойға оралтамын. Бiрер сөз әдебиет әлемiне қатысты. Қазақ балалар әдебиетiн дамытуға елеулi үлес қосқан халықаралық «Дарабоз» бөйгесiнде «Алғашқы асу» хикаяты мен «Шөлдеген шағала» атты әңгiмем арнайы жүлдени еншiледi. «Менiң жағалауым» атты хикаятым «Толқынның» тоқсан жыл-

дығына арналған бөйгеге ұсынылды. Жүлдесi анықталмаса да, сүйiктi оқырмандарыммен газеттiң бiрнеше санында шырайлана жүзескенiм – өзiнше бiр мәртебе.

Тәуелсiздiк тәлiмi барша қазақстандықты парыз өтеуiне жүгiндiруi тиiс. Бұл ақжоптай дербестiк бүгiнгi ұрпаққа оңайлықпен жеткен жоқ. Кен байтақ даламыз секiлдi көңiл байлығымыз да шектеулi болмаса екен. Бабалар аманаттаған дербестiк даңғылында жұртыұлдар дүбiрiн жасамапаздық жаңғырығымен бедерлеуiмiз қажет. Қазiргi мамыражай дәуiрде жаппай бiлiмпаздықпен бiрге маңдай термен өлшенетiн еңбекке деген құлшыныс арқамызды кеңге салдырмауы тиiс. Алғанымыз аз емес, берерiмiз де басымдау болғаны әдiлеттi шығар. Бұл ретте ұлан байтақ жерiмiз сияқты халқымыздың саны да әлденеше есе көбейгенi басты кепiлге айналуды тиiс. Миллиондаған тұрғын деген санақтағы тiркестi миллиондаған шаңырақ деген имани атауға алмастырсақ қанекей! Сауда-саттыққа жаппай ұмтылысты тұрақты жұмыс көздерiн молайтудына гана iрке аламыз. Жаңа технологиялар мүмкiндiгi жұмыссыздық тәрзiдi көңiл пестiгiн сейiлтсе екен. Барiне шүкiр деймiз. Тарих бiзге талай ұлыларды сыйлады. Қазаки дархандықпымыз имани төрелiгiмiздiң өтеуiн кейiнгi буын хақ бұйрығындай қабылдаса, нұр үстiне нұр болар едi. Тәуелсiздiгiмiздiң ғасырлық асқаралы асуында бұл назымыз архив жөдiгерiне айналса арман не?!

Не айтары бар, тәуелсiздiктiң әр он жылдығы батыл бетбұрыстарын баспалдағындай келесi кезеге алаша бастырды. Президентiмiз Қасым-Жомарт Тоқаевтiң мемлекет басқарудың жоғары буындарында әбден шыңдалып, халықаралық қатынастар шеңберiнде сұңғыла шешен ретiнде мойыңдалуы, ел басқарудың аса бiр күрделi кезендерiнде қайраткерлiк қадамдарымен құптаулы баршамызды сенiм даңғылында сапқа тұрғызыпдай. Қоғамдағы келесiндiктер мен кедергiлердi терең талдау өткiр талабымен ығыстырып, басқалық қайталауар мүмкiндiгiне бiржолата тоқтама қоюда. Халықаралық тiлдердiң барлығында көсiле сөйлейтiн әрудициясы қандай мiнберлерден болмасын санаға сәуле сiңiрiдi. Тәуелсiздiктiң елу жылдығына қазiргiден әлдеқайда жинақталып даламыз қаламызға қыр көрсететiндей даму дидарымен құлпытартынына имандай иланамыз. Осындай оптимизммен шалқу сезiмiзiмiзге нүкте қоюдың өзi әсте асылыққа жатпаса!

Жанабай КЕМАЛ,

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Арал қаласы

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

1. Жобаның атауы: «Тақир кен орнын сынамады пайдалану жобасына» «Қоршаған ортаға әсерді бағалау».

2. Ықпал ету аймағы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы.

3. Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде 2022 жылы 10 қантарда сағат 11.00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Терең-өзек ауылы, Қонаев 9Б көшесі бойынша өтеді.

4. Өкілі: Абытов Аллаяр. Байланыстар: тел.: +7(727)391-01-21 ішкі 108, ұялы 8-700-222-19-08 e-mail: Abytov.A.@timal.kz Желіге қосылу сілтемесі:

https://zoom.us/j/92946691039?pwd=cFlRUDlkTWQvRVllc203akd5TlXUdXZ09

Конференцияның сәйкестендіргіш дербес байланысы (PMI) - 929 4669 1039 Құпиясөз 342579

5. Жоспарланған іс-шаралардың бастамашысы: «Timal Consulting Group» ЖШС, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы 7, БЦ «Нұрлы Тау» 5А блогы, 188 офис. Байланыстар: тел.: +7(727)391-01-21 ішкі 113, ұялы 8-700-080-40-17.

6. Әзірлеуші: «Timal Consulting Group» ЖШС. Өкілі: Абытов А. Байланыстар: тел.: +7(727)391-01-21 ішкі 108, ұялы 8-700-222-19-08 e-mail: Abytov.A.@timal.kz

7. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сілтеме бойынша танысуға болады: ecorportal.kz, http://gov.kz

8. Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты келесі электрондық пошта және нөмір арқылы алуға болады: Атырау к., Нұрсая ы/а, Елорда к-сі, 33 ғимарат. Байланыстар: тел.: 8(7122)31-98-77 ішкі (240).

9. Ескертулер мен ұсыныстарды жергілікті атқарушы органды электрондық және пошталық мекен-жайына жолдауға болады: ecorportal.kz сілтеме бойынша немесе: http://gov.kz

10. Қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландырудың суреті ecorportal.kz сайтында орналастырылған. ***

1. Жобаның атауы: «Қызылорда облысы Тақир құрылымында №7 құрылысына жобалау тереңдігі 3200 (±250) іздегіру-барлау ұңғымға жеке техникалық жобаны» «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі».

2. Ықпал ету аймағы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы.

3. Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде 2022 жылы 10 қантарда сағат 15.00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Терең-өзек ауылы, Қонаев 9Б көшесі бойынша өтеді.

4. Өкілі: Абытов Аллаяр. Байланыстар: тел.: +7(727)391-01-21 ішкі 108, ұялы 8-700-222-19-08 e-mail: Abytov.A.@timal.kz Желіге қосылу сілтемесі:

https://zoom.us/j/97392311500?pwd=cTk3ZjBWc3UzbHloWGxCTmpraEcXQT09

Конференцияның сәйкестендіргіш дербес байланысы (PMI) - 973 9231 1500 Құпиясөз 237082

5. Жоспарланған іс-шаралардың бастамашысы: «Timal Consulting Group» ЖШС, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы 7, БЦ «Нұрлы Тау» 5А блогы, 188 офис. Байланыстар: тел.: +7(727)391-01-21 ішкі 113, ұялы 8-700-080-40-17.

6. Әзірлеуші: «Timal Consulting Group» ЖШС. Өкілі: Абытов А. Байланыстар: тел.: +7(727)391-01-21 ішкі 108, ұялы 8-700-222-19-08 e-mail: Abytov.A.@timal.kz

7. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сілтеме бойынша танысуға болады: ecorportal.kz, http://gov.kz

8. Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты келесі электрондық пошта және нөмір арқылы алуға болады: Атырау к., Нұрсая ы/а, Елорда к-сі, 33 ғимарат. Байланыстар: тел.: 8(7122)31-98-77 ішкі (240).

9. Ескертулер мен ұсыныстарды жергілікті атқарушы органды электрондық және пошталық мекен-жайына жолдауға болады: ecorportal.kz сілтеме бойынша немесе: http://gov.kz

10. Қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландырудың суреті ecorportal.kz сайтында орналастырылған. ***

1. Жобаның атауы: «ШығысТақир құрылымында №5 құрылысына іздегіру-барлау ұңғымға жобалау тереңдігі 2000 (±250) жеке техникалық жобаны» «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі».

2. Ықпал ету аймағы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы.

3. Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде 2022 жылы 10 қантарда сағат 17.00-де, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Терең-өзек ауылы, Қонаев 9Б көшесі бойынша өтеді.

4. Өкілі: Абытов Аллаяр. Байланыстар: тел.: +7(727)391-01-21 ішкі 108, ұялы 8-700-222-19-08 e-mail: Abytov.A.@timal.kz Желіге қосылу сілтемесі:

https://zoom.us/j/94567564873?pwd=ZWNLZG1lURwQTd2SllEeXhKZnRlUT09

Конференцияның сәйкестендіргіш дербес байланысы (PMI) - 945 6756 4873

Құпиясөз 800170

5. Жоспарланған іс-шаралардың бастамашысы: «Timal Consulting Group» ЖШС, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы 7, БЦ «Нұрлы Тау» 5А блогы, 188 офис. Байланыстар: тел.: +7(727)391-01-21 ішкі 113, ұялы 8-700-080-40-17.

6. Әзірлеуші: «Timal Consulting Group» ЖШС. Өкілі: Абытов А. Байланыстар: тел.: +7(727)391-01-21 ішкі 108, ұялы 8-700-222-19-08 e-mail: Abytov.A.@timal.kz

7. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сілтеме бойынша танысуға болады: ecorportal.kz, http://gov.kz

8. Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты келесі электрондық пошта және нөмір арқылы алуға болады: Атырау к., Нұрсая ы/а, Елорда к-сі, 33 ғимарат. Байланыстар: тел.: 8(7122)31-98-77 ішкі (240).

9. Ескертулер мен ұсыныстарды жергілікті атқарушы органды электрондық және пошталық мекен-жайына жолдауға болады: ecorportal.kz сілтеме бойынша немесе: http://gov.kz

10. Қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландырудың суреті ecorportal.kz сайтында орналастырылған. ***

«Болашақ» университеті

Уақыт талабына сай, озық ойлы, біліктілігі мен білімін тұрақты түрде жетілдіріп отыруды ойлайтын, ізденімпаз үміткерлерге төмендегі лауазымдарға конкурс жариялайды:

1.Тәрбие іс жөніндегі проректор;

2.Шаруашылық жұмыстары және ақпараттық технологиялар жөніндегі проректор;

3.Тіркеу офисінің жетекшісі.

Қойылатын талаптар: ғылыми дәрежесінің және академиялық қызметті реттейтін ҚР БҒМ нормативтік-құқықтық актілерін білуі.

(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті № КЗ041Л.А00011297, берілген күні 14.03.2018 ж)

«Нұра топтық су құбыры» РМҚ-ның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалының ауызсу тұтынушылары назарына

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық



Осы жігітпен алғаш кездескенде Расул Ғамзатовты көргендей болдым. Кәдімгі «Бір өлеңі бір елдің мұрасындай, Жыр жаза алмай жүрмін мен Расұлдай» деп Мұқағали жырлаған авардың атақты ақыны Расул Ғамзатов. Сұңғақ кеуде, тік иек, қыр мұрын. Аз сөйлеп, көп тыңдайды.

ОҢ ЖОЛ

– Кайдансың?
– Аралданмын...

Көкірегім шым ете қалды. Мен де Сыр перзентімін. «Аралдан әйгілі кім бар?» десе, Әбдіжәміл Нұрпейісовті, Құдайберген Саржановты, қатар жүрген Қуаныш Жиенбайды о заманнан білемін. Олар екі-үш ауыз сөзден кейін-ақ Аралды тілге тиек етеді. Бұл да іркілмей Аралды айтып қалды. Айтқанда, Аралда тұғаны – мақтаныш, теңіздің кәзіргі қасіреті – күйініш. Аралға құя алмай тұрған Сырдария сағасындағы Шиелі перзенті – менің де хал-күйім онша емес. Екеуміз бір күн, бір түн егіз қозыдай бас қосып, «екі жетімнің» жырын жырладық.

Оңталап ақын екен. Ақын атаулы өлеңді туған жері мен анасын жырылаудан бастайды. Бұл да Арал десе, жанының жартысын беруге әзір тұр. Әуелі ақын деген кім өзі, қандай болмыс? Тіпті «Ақынға керек ақыл көп, Ақымақтық керек аздаған» деп Қадыр да жырлаған. Оңталаптың өзін тыңдайық.

Өлмеске өлең болып өтеледі.
Сір көтермес жүгіңді көтереді.
Сю үшін жаралған

қайран жүрек,
Құлай сүйіп, жиіркеніп
жек көреді.
Барлығын да басынан өткереді.
Айға үні ұлығанмен

жетпей-тұғын,
Ақын деген киелі көк бөрі еді.
Байқайсыз ба, сөзі де, өзі де көкбөрі тектес. Өлеңі – алдында, арманы – артында қол бұлап тұр. Жақсы мен жаманды жасыра алмайды. Жүрегі ашық, нағыз ақын мінез. Киеге бас ұрады, құдайшылығы бар. Қорқытты жазған қалам тегін емес. Иран ағам неге Қорқыттың

қобызынан айырылмайды, киеге бас ұрсаң, қасиет қонады. Ол батағой болып басқаларға асжол тілеп тұрады. Мұны Оңталап та біледі, біліп тұрып, Қорқыт-қобыздың сарынын жан-тәнімен беріле тыңдайды. Қарашы:

Қорқыт!..
Бадамыздан қалған
Қобыз – өкініш пен арман.
Тыңдасаң, сыр айтады,
Мөлтіндеп, мұң айтады.
Қорқыт – Тәңірімнің тегі.
Қобыз – дүниенің шегі,
Шежіре шер – дастаны,
Өнердің алдаспаны.
Оғыз!..
Ұрпақтары тірі,
Қобыз – Тәңірімнің үні.
Бозінген боздағаны –
Жүректі қозғағаны.
Қорқыт!..

Қорқыт пен қобызды тек жүрегінің түгі барлар ғана жаза алады. Бұл жерде аяқты ұшымен басқандар немесе бауырымен жорғалаушылар жүре алмайды. Бұны Оңталап біледі, біліп тұрып, өзін-өзі жария етеді. Ол – өнер мен өлең алдындағы жігіттіңнің жиған жүктей тап-таза жан сарайы.

Далада туған жігіт, жусан мен жиде гүлін иіскеп өскен бала даладан көз алмайды. Біз өзі қаланың өгей ұлдарымыз. Біздің бесігіміз – дала. Қараңышы, «Пішен» деген өлеңіне:

Пішен,
Орақ басталған,
Шілденің шибұт ыстығы.
Алкынып
Алкым аш қалған,
Шыдамның түскен ышқыры.
Белінде қайқы орағы,
Азаптың кесер құлағын.
Пішенге кетіп барады,



Ақынға құрмет суымайды



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ
Бәйгекүм ауылдық клубында облыстың бас ақыны, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Шиелі ауданының құрметті азаматы Маханбетқали Тұрсановты еске алуға арналған «Тәуелсіздік тәңірінің сыйы, сыбағасы халқымыз, жасампаз жолда өлеңі өшпес ақының» атты еске алу шарасы өтті.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдық құрметіне және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткен шараны Шиелі ауданы әкімінің орынбасары Алмасбек Есмаханов ашты.

– Киелі Шиелі топырағынан шыққан Нартай, Иманжүсіп, Байнаш секілді сөз сүйелерінің заңды жалғасы Маханбетқали Тұрсанұлы облысымыздың мәдениетіне, әсіресе айтыс өнерінің өркендеуіне мол

үлес қосып, өшпес қолтаңбасын қалдырған ақын. Өткенін ардақтау, өнеге жолын жалғастыру халқымызға тән асыл қасиет. Бүгінгі шара бас ақынның мұрасын таратудың бастамасы, алдағы кезеңде ақын жайында кітап жазылып, ауылдық клуб үйіне Тұрсанов есімін беру жөніндегі ұсыныстардың нақты шешім табатынын сеніммен айта аламын, – деді ол.

Мұхамедәлі Бекпейіс-



өзгін арнау термесімен басталған шараның көркемдік бөлімінде Маханбетқали ақынның шәкірттері – Кенжебай Жүсіпов, Әбілқайыр Сыздықов, Рахматулла Жолтаев, Ержан Әміров және Нартай өнер мектебінің М.Тұрсанов атындағы үйірме мүшесі,

жас талап Елдар Әмірхан жұрт алдына шығып, Құламмәбет айтты әдісімен өнер көрсетті. Олар кезектесіп, ұстаздарының мерейін көтеріп, рухына тағзым етті. Ақындарға Маханбетқали Тұрсанұлының ұл-қыздары шапан жауып, құрмет көрсетті.

туралы қойылым, М.Мақатаевтың «Алғашқы махаббаты», Қ.Мұхамеджановтың «Ой, жігіттер-ай!» спектакльдері көпшілік көңіліне жол тартса, маңдаланың қос алыбы Ыбырай Жақаев пен Жазылбек Қуанышбаев бейнелерін сомдаған «Екі бала – екі шал» спектаклі тың туынды боп көрермен көзайымына айналды. Осының бәрін еліміздің бір түкпіріндегі қытайқандай жастар театры қойып жатыр дегенде, қолыңды жүрегіңе қоясың. Осы қиын да күрмеуі көп істің басында көркемдік жетекші Оңталап Нұрмаханов тұр. Уақыт – жүрек іспеттес, жақсыға қуанып, жаманға жабырқайды. Сағат тілі тоқтауды білмейді.

Ақынның жаңа шыққан «Парадрия сактары» кітабының беташары болған «Теңіз үні» өлеңінің бастауын қарашы:

Мен теңіздің шуылымын,
Естігенге – үн-дабыл.
Бар мен жоқтың буынымын,
Су – өмір де,
Құм – қабір, – деп қайран өмірге қарама-қарсы тұрып, белін буып, сол өмірдің күрөң бөйгесін ерттеп мінді.

Мен теңіздің, тун суып түршігіпін.
Күн астында көміліп, күрсініпін.
Өлмегенге жолыққан, өмір анық,
Мен теңіздің, тірімін, тіршілікпін!

Оу, Оңталабыңыз Пайғамбар жасына енді толып жатыр, құм-қабірі несі деп селк етесің. Ақын ағынан жарылады, ол теңіздей толқып, жанартаудай аттылады. Ол шынырылап қойса да шынын айтпайды. Құм-қабір – адамзат мекені. Ол мәңгілік мекенді айта отырып, иман деген ирелендеген бір жылдан барын да еске салады. Құм-қабір имандыға да, имансызға да бірдей. Оның көз алдында Қорқыт кетіп барады.

Жігітін не жазса да, туған жерден алшақ кете алмайды. Тіпті «Тарғын» деп атау қойып, ел қадірмені болған балықшы нағашысын дәріптеген кітаптың мұқабасына да қайық ескен адамның суретін салыпты. Өмір – теңіз, Адам – қайық ескен пенде. Осы кітап кіндік қаны тамған топыраққа деген жан махаббаты, жақсы адамға деген іңкәр сезім дер едім. Балыққа қатысты жүз мақал-мәтелдің басын қосып, тізімін берсе, соның біреуін ғана мысалға келтірейін – «Шортан аудан қорықпас, кедей мұннан қорықпас». Бұл – тізімнің ең басында тұрған нақыл сөз.

Өз балығымызды өзіміз аулайтын кезге жеттік, заман тәуелсіз, есіп бостан, өз қайығымызды өзіміз үсіп жүрміз. Бірақ жігіттің көңілі алаң. Адамдар да екіге бөлініп кеткендей. Су таяз, Аралды ат кешіп өтіп жүр. Оу, Оңталап та ел қамын ойлайтын егделікке бет бұрған жоқ па? Жарасып-ақ тұр. Оның өз жолы бар. Әкесі құлағына үш рет айықпайлап, «Оңталап!» деп атын қойған.

Қуандық ТҮМЕНБАЙ,
жазушы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Осыдан 220 жыл бұрын Нұралы ханның ұлы Бөкей сұлтан 1801 жылы 11 наурызда орыс императоры І Павелдің рұқсатымен 22725 адам, 2 млн бас малмен Жайық өзенінің ішкі жақ бетіне көшіп, қоныстанады. Патша үкіметінің 1806 жылы 19 мамырдағы жарлығымен Еділ мен Жайық аралығында орналасқан Бөкей хандығына 6500 десятина жер бөлінеді. Ол солтүстігінде Самар, шығысында Орал губерниясы мен батысында Астрахань губерниясымен, оңтүстігінде Каспий теңізімен шектескен. 1812 жылы 1 мамырында Бөкей І Александр патшаның арнайы грамотасымен «Қырғыз-қайсақ кіші ордасының» ханы болып тағайындалды. 1815 жылы 21 мамырда Еділдің теңізге құяр сағасына, Астрахань губерниясының Байбек деген жеріне өз өсиеті бойынша Сейіт баба қорымына жерленеді.

Бөкей ұлы Жәңгір

Ағартушылық саласында қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлихановтан 34 жыл, бірінші қазақ ұстазы Ы.Алтынсариннен 40 жыл және қазақтың ұлы ойшылы А.Құнанбаұлынан 44 жыл бұрын еңбек еткен Жәңгірге тоқталайық.

Жәңгір – Бөкейдің баласы, Әбілқайыр ханның шөбересі. Толық аты Жихангер «Әлем билеушісі» мағынасын білдіреді. Жас кезінде Жәңгір бастауыш білімді үйдегі мұғалім-молладан алады. Содан кейін әке қалауымен Астрахань губернаторы Андреевскийдің үйінде тәрбиеленіп, европаша білім алады. Ол орыс, парсы, араб, татар ішінара неміс тілін де игереді. Әкесі өз тағының мұрагер етіп жас Жәңгірге өсиет қалдырғанымен, әке жетілгенше уақытша хан Бөкейдің інісі Шығай сұлтан Нұралиевке ант берді. Тек 1823 жылы 22 маусымда І Александр патшаның жарлығымен Жәңгір таққа отырды. Ол билікті нығайту, басқару жүйесін өзгертуге ерекше мән берді. Бірақ бұл Жәңгірдің өзі ойлап тапқан жаңалық емес, жоғарыдан отарлау саясатын ұстанған Ресей патшалығының пәрменімен болып отырған өзгерістер еді.

1826 жылы Жәңгір Ресейге І Николай патшаның тәж кию шарасына шақырылады. Сол сапарында қала салуды қолға алып, сәулетші Тафаве бастаған құрылысшылар бірнеше жыл ханның қалашығын көтерген. Жәңгір қазақ тарихында тұңғыш рет 1826 жылы шешек ауруына қарсы егу ісін ұйымдастырып, 1828 жылы Бөкей хандығының географиялық картасын жасатты. Ал 1831 жылы суысқан құмды тоқтату үшін ағаш отырғызуды қолға алдырып, 1832 жылы үлкен сауда жәрмеңкесін, дәрхана ашты. Келер жылы мұсылман мешіті, 1838 жылы архив мекемесін қалыптастырып, 1840 жылы ветеринарлық пункт, пошта байланысын іске қостырды.

Жәңгір XIX ғасырдың 30 жылдары ортасында хан ордасында орталық мектеп ұйымдастыру мүмкіндігін ойластыра бастады. Бұл мектеп балаларды ресейлік арнайы оқу орындарына түсу үшін дайындауға керек болады. Мектептің ашылуы 1841 жылы хан ордасында өтті. Оған жұмсалатын шығындарды хан өз мойнына алды. Өмірінің соңғы күніне дейін (1845ж) хан өз табыстарының арқасында мектепті ұстады, оқушылардан емтиханды өзі алды. Бұл мектеп сол дәуірде бүкіл қазақ даласындағы жалғыз білім ошағы болды, яғни Жәңгірдің қазақтың алғашқы ағартушысы деп айтуға толық негіз бар.

Жәңгір еуропалық өркениет үлгілерін енгізумен қатар, ордада мұсылманша білім беруді жолға қойды. Бұл аймақтан араб, парсы, түркі тілдеріндегі деректемелік құжаттар жиналып, Қазан университетінің ғылыми қорына тапсырылады. Сол қолжазбалар ішіндегі ең елеулі 6 құжаттың ілім, білімдік құндылығын ескеріп, Қазан университетінің 1844 жылы өткен бір ғылыми кеңесінің отырысында Жәңгір Бөкейханұлына профессор атағын беру туралы шешім қабылданады. Қазақтың ханына осындай жоғары лауазымды атақтың университет ректоры Н.И.Лобачевскийдің қолымен табыс етілуі халқымызды Қазан төңкерісіне дейін түгелдей дерлік сауатсыз санау сандырағының болшевиктік уағыз бұрмалауы екенін байқатады.

Жәңгір ханның аталысуымен 1841 жылы 6 желтоқсанда ашылған орыс-қазақ Орда мектебінің орны ерекше. Сонымен қатар ол қазақ топырағында тұңғыш кітапхана ашқан. Мектепке арнайы үй салдырып, оқулықтар алдырып, қамқорлығын аямаған. Мектептегі оқу сапасын, тәртіп, тәрбие жайын үнемі бақылап, емтихан қабылдауға өзі қатысып, озат оқушыларды күміс ақшамен марапат-

тауды ұмытпаған. Хан еңбегі еш кетпей мектепте білім алған шәкірттердің көпшілігі Орынбор, Омбы, Петербор, Мәскеу, Қазан, Уфа, Саратов қалаларындағы жоғары оқу орындарын бітіріп, бірқатары Орда өңіріне оралса, қайсыбірі Кавказ, Ресей аймағында, Балтық бойында қызмет етеді.

Солардың арасынан ел басқаруға еңбек сіңірген зиялы азаматтар шықты. Хорунжий офицері, қажы Мұхамбет Қарауылұлы Бабажанов 1851 жылы Орынбордағы Неплюев қадет корпусын тәмамдап, Оралдағы әскери бөлімге қызметке тағайындалады. Оның да көп көңіл бөлген мәселесі оқу-ағарту еді. 1861-1871 жылдары басылымдарда өз ұлтының білімге, ғылымға құштарлығы жайлы бұл жөнінде Жәңгір мектебінің зор маңызын мәлімдеді. Этнограф, тарихшы, географ ретінде императорлық қоғам хабаршысына мақалалар жариялады. 1862 жылы Үлкен Орда қырғасынан биіктігі екі аршын асатын әйелдің тас мүсінін тауып, Петербордағы этнография қоғамына табыс етті. Императорлық география қоғамына Басқұншақ көлінен шығып жатқан құкірт қышқылына бай тұздың шаруашылық маңызын хабарлады. Оның география қоғамының күміс медальмен марапатталуы – мінсіз еңбектің куәсі.

М.Байжановпен бірге қадет корпусын бітірген Мақаш Баймұхамбетовтың ел басқаруға икемділігі ескеріліп, хан ордасына кеңесшілікке қабылданады. Осындай талантты тұлғалардың бірі – Иманғали Мендіханов болатын. Ол Орынбордағы семинарияны ойдағыдай бітіріп, Ақтөбе қаласында ұстаздық қызмет атқарды. Бірнеше әдеби шығармаларды жазған. Сондай-ақ Жәңгір хан арнайы стипендия тағайындап, Египет мұсылман университетінде оқыған Ғабдулғазиз Мұсағалиев Алматы облысында (қазіргі Ақсу) мұсылман мектебінде ұстаздық еткен.

Жәңгір хандықты басқаруға кіріскен кезде қазақ даласындағы саяси жағдай тыш шиеіленісіп кеткені белгілі. Жер бөлінген кезде жіберілген кемшіліктерге байланысты ол қатан шаралар жүргізуге мәжбүр болды.

Жәңгір жүргізген саясаттың нәтижесі 1836-1838 жылдарғы әйгілі Исатай, Махамбет бастаған халық толқуына әкелді. Бірі Жәңгірдің қазақтың тұрмыс-тіршілігін дамытуға сүбелі үлес қосқан реформатор десе, «хан емессің лаңсың, қара шұбар жыланысың» деген ақын Махамбет ағыммен, үстем тапты ұнатпайтын кеңестік идеологияның ықпалымен жағымсыз бейнеде көрсетеді. Бұл ханның қателігі емес еді. Бұл жас билеуші үшін ауыр қасірет және жазылмайтын жан жарасы болды. Себебі, Жәңгір жаратылысынан үлгілі тәрбиесімен адал пейілді тұрғысынан өзінің саналы жұмырының соңғы күніне дейін өз халқының жайысз оқиғаларына қабырғасы қайысып, қайғыра білген асыл тұлға.

Қорытындылай айтқанда, Елбасы «Біз қазақпыз, аруаққа сыйынған халықпыз» дей келіп, бабалар рухын әрдайым еске сақтап отыруды ескертті. «Бір нәрсе бар дүниеге таң қалған, Сұрап келем білімді адамдардан. Басқа жұрттың хандары жақсы болып,

Біздегі хандар неліктен жаман болған», –

Қадыр Мырзалиевтің осы өлеңінде Ресейдің және басқалардың патшалары жақсы болды, біздің хандар үнемі жаман болып көрсетіліп келді деген ойды айтқан еді. Біз де оны қостаймыз.

Өтеубай ҚОЖАҚҰЛЫ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы